# Аққөл ауданы шекарасындағы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Аққөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 тамыздағы № С 5-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 қыркүйекте № 5512 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № С 18-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл аудандық мәслихатының 14.02.2018 № С 18-4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына сәйкес, Аққөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аққөл ауданы шекарасындағы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| **Аққөл аудандық мәслихат сессиясының төрайымы** | *А.Мананбаева* |
| **Аққөл аудандық мәслихатының хатшысы** | *Ж.Салыбекова* |

КЕЛІСІЛДІ

| | |
|---|---|
| **Аққөл ауданының әкімі** | *Т.Қ.Едігенов* |

12 тамыз 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК